ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

1 АПТА

1 - 3 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

1 апта

Аптаның жобасы:

«Түрлі фигуралардың көмегімен печенье пісіріңіз»

Апта ішінде оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Екі дос"
"Дана данышпанның жомарттығы"

Апта ішінде көруге ұсынылатын деректі фильмдер:

- «Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж)
Магжан Жұмабаев
https://www.youtube.com/watch?v=q67XqLfb1ok

Аптаның ойыны:

"Жолды тап"

Аптаның қолөнер туындысы:

Өз қолымыздан қызғалдақ гүлін жасаңыз

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

"Пин және оның айдаһары"
"Көкке"

Спорт уақыты

Күнделікті бір жақсылық жасау

ДҮЙСЕНБІ

Отбасыңызда сіз үшін қымбат жанға ерекше зат жасап, сыйлаңыз (қолдан жасалған білезік, гүлдер, сурет)

СЕЙСЕНБІ

Күні бойы негативті нәрсе болса да, тек жақсы, мейірімді сөздер сөйлеңіз

СӘРСЕНБІ

Отбасы мүшелеріне себеп іздемей алғыс айтып үйреніңіз

БЕЙСЕНБІ

Тамақтан кейін дастарханды жинауға көмектесіңіз

ЖҰМА

Отбасы мүшелеріне көмектесіңіз

СЕНБІ

Күні бойы барлығына мақтау сөз айтуға тырысыңыз

ЖЕКСЕНБІ

Үйдегі гүлдерді суарып шығыңыз

1 апта

Аптаның жобасы:

«Түрлі фигуралардың көмегімен печенье пісіріңіз»

Мақсаты: дәмді печенье дайындауды үйрену, сол арқылы анаңызға көмектесу және барлық туған-туыстарыңызды қуанту. Процесс кезінде әртүрлі фигураларды ойлап тауып, қиялдың жан-жақты дамуына септігін тигізу.

Жобаны орындау барысы: пісіру үшін барлық қажетті ас үй құралдарын алу, баланың қасында ересектердің біреуі болуы керек. Осы рецептпен дайындасаңыздар болады: *https://youtu.be/V8ZFVurIshU.*
Дайын болғаннан кейін барлық отбасыңызбен бірге дәмді шәй ішіңіздер.

Апта ішінде оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Екі дос"

Екі дос шөл далада келе жатыпты. Бір кезде екеуі сөзге келіп қалады да, біреуі екіншісінің бетінен ұрып жібереді. Сонда досы бетінің ауырғанын сезсе де, үндемей, құмға: "Бүгін ең жақын досым мені бетімнен ұрды" деп жазып қояды. Олар әрі қарай жүріп келе жатып, жазира далаға тап болады. Далада өзен бар екен, екеуі өзенге түсіп шомылып жатқанда, әлгінде досынан таяқ жеген жігіт суға батып кетеді. Сол кезде досы оны құтқарып, жағаға арқалап алып шығады. Есін жиған соң, жігіт: "Бүгін ең жақын досым мені құтқарды" деп тасқа қашап жазады. Алдымен бетінен

1 апта

ұрып, кейін досын құтқарған жігіт одан: "Сені ренжіткен кезімде құмға жазып едің, енді тасқа қашап жаздың, не үшін?", деп сұрайды. Сонда досы: "Біреу бізді ренжіткен кезде ренішті жел шайып кету үшін құмға жазуымыз керек. Бірақ біреу бізге жақсылық жасағанда, оны ешқандай жел шая алмау үшін тасқа қашауға тиіспіз. Ренішті құмға, қуанышты тасқа жазып үйрен", - деп жауап берген екен.

"Дана данышпанның жомарттығы"

Аты жаһанға мәшһүр данышпандардың бірі достарымен қала қыдырып жүріп, пойызына кешігіп қалады. Әрең дегенде қуып жетіп, енді міне бергенінде, аяғындағы аяққиімінің бір сыңары шешіліп, түсіп қалады. Бұл кезде жерге қайта түсіп алу мүмкін емес еді. Себебі, жүйткіген темір тұлпардың жылдамдығы сәт сайын күшейіп келеді. Жанындағы жолдастары "енді қайтер екен?" деп тұрғанда, данышпан аяқ киімінің екінші жұбын шешіп алып, анау алғашқысы түсіп қалған жаққа қарай лақтырып жібереді. Данышпанның мына қылығына түсінбеген біреуі шыдай алмай: "Неге бұлай жасадыңыз?", - деп таңғала сұрайды. Оған күле қарап оқымысты былай деп жауап береді: "Теміржолды паналаған бір пақыр аяқ киімнің бір жұбын тауып алса, екіншісін де тауып кисін", — дейді. Дара сыңарының өзіне керегі болмайтынын ұғынып, өзінен гөрі бір жарлыға көмек болатынын түйсінген данышпанның даналығы өзгелерге үлгі болды.

1 апта

Аптаның ойыны:

"Жолды тап"



Ойынның мақсаты: есте сақтау қабілеті мен мұқияттылығын арттыру. Отбасы мүшелері арасындағы байланысты күшейту.

Орындалуы: Ойыншылар өзара 2 адамнан топқа бөлінеді. Біреуі - бағыттаушы, екіншісі – жолаушы. Жолаушының көзін шүберекпен байлаймыз. Жолаушы жолды бастамас бұрын, бағыттаушы оны қалай бағыттайтынын айтады. Мысалы , оңға деген сөздің орнына шапалақ, алға деген сөздің орнына “мяу-мяу” және т.б. Жолаушының көзі байланғаннан кейін жерге А4 парақтарымен жол сызу. Осылайша жолдың басынан аяғына дейін бағыттаушы арнайы бағыттау сөздері арқылы жолаушының жолдың соңына дейін жетуіне көмектеседі.
Үлгі: *http://tiny.cc/z05anz*

Аптаның қолөнер туындысы:

Өз қолыңыздан қызғалдақ гүлін жасаңыз



Мақсаты: өз қолымызбен әдемі гүлдер жасауды үйрену және басқаларға сыйлық жасап, қуанту.

Тапсырманы орындау барысы: түрлі түсті қағаз, картон, қайшы, сызғыш, қарапайым қарындаш және желімді дайындау. Әрі қарай гүл жасау жолын осы видеода қарасаңыздар болады: *http://tiny.cc/pr5anz*

1 апта

Апта ішінде көруге ұсынылатын көркем фильмдер:

"Пит және оның айдаһары"

Ата-анасын көз алдында жоғалтқан 5 жасар Пит алып орманда бір өзі қалады. «Адасқан Эллиот» атты кітабын құшақтаған бүлдіршін жалғыз емес еді. Жергілікті мекенде аңызға айналып, орман қожайыны атанған, адамдардың көзіне мүлдем көріне бермейтін алып құбыжық болатын. Балақай Пит оның мейірімді екенін көзінен-ақ танып қойған.

"Көкке"

"Pixar" студиясының 2009 жылы шыққан бұл туындысы Карл Фредриксен есімді қарияның оқиғасынан бастау алады. Карл өзінің өмірлік жары Эллиді сонау бала кезінде кезіктірген. Қос ғашық "Жұмақ сарқырамасының" зерттеушісі Чарльз Манцтың жанкүйерлері еді. Алғашқы кездесулерінің бірінде Элли Карлге "Жұмақ сарқырамасына" барғысы келетінін айтады. Карл болса сол сапарға арналған арналған дережабльді құрастыру жұмыстарын өз мойнына алады. Осылай екеуінің махаббат хикаясы басталады. Алайда тағдыр бастарына салған қиындықтар мен қу тіршілік уақыттың қалай зулап өткенін байқатпайды. Олар армандаған сарқырамаға енді барамыз-ау деген шақта Элли өмірден озады. Карл болса сүйіктісіне берген сөзін қалайда орындау үшін өз үйінен дережабль жасап, Оңтүстік Америкадағы "Жұмақ сарқырамасына" ұшуды ұйғарады. Бұл сапарда қарияны көптеген тосын сыйлар күтіп тұрған еді.

www.qundylyq.kz